

Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

22.05.2024 жыл

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар:

Комиссия мүшелері-17

Қатысқаны -19

Мектеп директоры А.Ж.Айзакова

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева

Әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директорының 2023 -2024 оқу жылы бойынша атқарылған жұмысы туралы есебі
2. Жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту
3. Оқушылардың арасында салауатты өмір салтымен құқық бұзушылықтардың алдын алу
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы есебі 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Ж.Айзакова алды: 2023 -2024 оқу жылы бойынша жан басына шаққандағы қаржыландырудан 2811748,80тенгеге 30 парта, 1248800,00 тг 50 отырғыш, қыз балалар үшін көркем еңбек кабинетіне 447801,92 тенгеге 7 тігін машинасы, 21798,00 тенгеге электр үтігі, мектеп асханасына 139879,04тг 2 микротолқынды пеш, 609997,00тенгеге плита печі, 200пачка А4 қағазы 400960,00тенгеге, 39990,00 тенгеге 30 дана фотоқағаздары, 666400,00 тенгеге 1 қабаттың дәлізіне 17 шт түрлі түсті пуфиктер, спорт зал мүліктеріне қосымша 59000,00 тенгеге асық ату кәсіби жиынттығы, 25550,00 тенгеге 10 шт баскетбол добы, 28970,00 тг футбол добы, 27970,00 тгволейбол добы, 187700,00 тенгеге 100 дана жарықдиодты шам, 40000тенгеге 200 шт мақтау қағазы, 304740,80тг 7 шт көп функциялы құрылғы, мұғалімдер бөлмесіне, асханаға су диспансері 66000тг 2шт, 306008,0 тенгеге екі кондиционер алынғандығын айтып өтті.

Сонымен қатар ата-аналардың өтініштері негізінде материалдық көмек көрсетуге мұқтаж әр оқушының құжаттары тексеріліп, отбасының тұрмыстық жағдайлары зерттелінді. Демеушілер іздестіру мақсатында жеке кәсіпорындарға, мекемелерге сұраныс хаттар жіберілді. "Мектепке жол" республикалық акция барысында *мектебіміздің 32 оқушысына*- атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға **қаржылай көмек** көрсетілді. Аталған білім алушылардың әрқайсысына бөлінетін қаражат көлемі қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңнамаға сәйкес ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде, яғни **40567 (қырық мың бес жүз алпыс жеті)теңге** төленді.

Сондай-ақ, мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына қолдау, демеушілік көрсету үшін түрлі мекемелерге сұраныс хаттар жолданды. "**Kaspi bank**" мектептен жолданған сұраныс-хатты қанағаттандырып, мектебіміздің аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсетті. **5 оқушыға 200000 теңгеге** оқу құралдары мен киім-кешек тарту етті.

№	Оқушының аты-жөні	каласы	категориясы
---	-------------------	--------	-------------

1	Абдер Ансар Нурбергенқызы	1	көп балалы
2	Кәдірғалиев Бек Райымбекұлы	1	аз қамтылған
3	Ханкелді Әділжан	1	аз қамтылған
4	Ізмағанбет Ибраһим Жасаралұлы	3	аз қамтылған
5	Молдабай Нұрәли Жангелдыұлы	7	аз қамтылған

"EMPERUM" туристік фирмасы көп балалы, асыраушысынан айырылған 10 оқушыға 350000 теңгеге оқу құралдары мен киім-кешек тарту етті.

№	Оқушының аты-жөні	класы	статусы
1	Хабиров Омар	2ә	аз қамтылған
2	Амангелді Алдияр	2ә	аз қамтылған
3	Алданыш Амина	2ә	аз қамтылған
4	Темірғали Аяп	7а	аз қамтылған
5	Тұрар Нұрсұлтан	3а	аз қамтылған
6	Ханкелді Ақбаян	4ә	аз қамтылған
7	Есет Әділет	3а	аз қамтылған
8	Төрбек Келбет	3ә	аз қамтылған
9	Қустанов Еркеулан	5ә	аз қамтылған
10	Шатырхан Айлин	5ә	аз қамтылған

Қазан айында мектепте «Тәттілер жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мектеп жәрмеңкесінде жиналған қаражатқа азық-түліктер алынып, аз қамтылған, көп балалы 3 отбасыға (Аманкелді, Темірғали, Сапартілеу) көмек көрсетілді.

Келесі сөз мектептің қамқоршылық кеңісінің төрайымы А.А.Кокимоваға берілді. Мектеп директорының атқарған жұмысына өз алғысын білдіре отырып, келесі мәселе жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту бойынша бірігіп жұмыс жасауға шақырды.

Осы мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі Г.К.Азаматова сөз алды: Жылдың жаз маусымындағы балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуы мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру тәрбиесінің маңызды міндеттерін жүзеге асыру, әрине ең алдымен әрбір педагогтың кәсіби шеберлігіне, тәрбие ісін ұйымдастырудағы біліктілігіне, кәсіби даярлық деңгейіне тікелей тәуелді екені белгілі. Балалардың жазғы демалысын жақсы, қауіспіз, салауатты өмір салты қалыптасқан, денсаулығы мықты, көңілді, есте қаларлық деңгейде өткізу үшін қала сыртындағы лагерлерге мектеп бойынша 4 оқушы жіберіледі. Мектебімізде 2022 жылғы 11 мамыр айындағы №44 келсім шарт бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Осы №44 келсім шарттың 7-тармақ 7.2 – тармақшасы негізіндегі кепілдемімен «Иман» ЖШС-гі жөндеу жұмыстарын жүргізетін болғандықтан, биылғы оқу жылында жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын сауықтырылуын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы «Достық» спорттық ойын алаңы бір маусымда жұмыс жүргізіп, 3-4 класс оқушыларынан 20 оқушы қабылданып, өткізілетіндігі туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Сатаев Абзал Сауытұлы сөз алды: Құқық бұзушылық — қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осы мақсатта жаз мезгілінде оқушылардың түнгі мезгілде жұрмеуін алдын алу үшін оқушыларға, ата-аналарға жиналыстарға мамандар шақырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек деп ойлаймын. Бүгінгі күнге дейін біздің мектеп оқушыларымыз бей мезгіл уақытта көшеде жүргені болған жоқ, осындай түсіндірме жұмыстары мен қадағалаудың арқасында. Ауа-райының жылынуына, күннің ұзаруына байланысты, кешкілік уақытта оқушылардың ата-аналардың қарауынсыз көшеде серуендеп жүру әдеттерінің басталатындығын айтты. Мектеп оқушыларының бей-мезгіл уақытта жүрмес үшін қамқоршылық кеңес мүшелерін түнгі рейдтік шараларға қатысуға шақырды. Сонымен қатар алдағы ата-аналар жиналысында төмендегі мәселелер қаралып, ата –ана мен оқушыларға

түіндірме жұмыстарын жүргізуді сұрады. Яғни, жаз мезгіліндеге оқушының өмір қауіпсіздігі, жаз мезгілінде балаларды үлкендердің қарауынсыз суға,көлге жібермеу, өрт қауіпсіздігін сақтау, ойын алаңдарында, аттракциондарда балалардың қауіпсіздігі, биік ғимараттардың терезелерінен, балкондардан, шатырлардан құлауымен байланысты болатын қайғылы оқиғалардың алдын алу, терезелерден құлап кету оқиғасына жол бермеу т.б . Кеңес мүшелері мақұлдады.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша *қамқоршылық кеңес төрайымы Кокимова А.А* сөз алды: 2023–2024 оқу жылының жарты жылдығындағы қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстар жөнінде баяндап өтті. Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚРБЖҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, 2-қосымша 01.03.2023 № 56 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесі құрылып, ережеге сай жұмыстануда. Қамқоршылық кеңес құрамының қолдауымен мектептің оқу- тәрбие үрдісіндегі жұмыстар оқу бағдарламасының орындалуы жөніндегі жұмыстарға ата –аналардың бірігіп ынтымақты жұмыс жасауда көп септігін тигізуде. Мектепішілік қамқоршылық кеңестің қолдауымен мектептегі аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балаларына арналған қайырымдылыққа қатысып, өз үлестерін қосты. Тамақтанудың сапасын ұйымдастыруда өз үлестерін қосып, ай сайын бракераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге оқу жылы бойынша уақытында қатысты. Тәрбие бағытындағы өткізілген іс –шараларға белсенділікпен қатысып, жыл бойына өткізілген жиналыстарға атсалысты. «Түнгі қала» рейдтері жоспарға сай ұйымдастырылып, кезекшілік кестесі шығарылды. Кестеге сай мектеп мұғалімдерімен бірге мектептің қамқоршылық кеңес мүшелері біріккен түрде рейдке шығып, оқушылардың, ата-аналардың әлеуметтік жағдайымен және оқушылардың күн режимінің сақталуын қадағалап,ата-аналармен, оқушылармен түсінік жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Мектепішілік қамқоршылық кеңесі үнемі мектеппен тығыз байланыста жұмыстанып келеді. Келесі оқу жылында мектеп өмірінде өткізілетін іс-шараларға белсенділікпен атсалысуға шақырып, кеңес мүшелеріне өз алғысын білдірді.

Шешім:

- 1 Мектеп директорының 2023-2024 оқу жылы бойынша атқарылған жұмысы туралы есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
- 2 Жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту оны бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаеваға бекітілсін.
- 3 Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
- 4 Ата-аналар жиналысында жаз мезгіліндеге оқушының өмір қауіпсіздігі, жаз мезгілінде балаларды үлкендердің қарауынсыз суға,көлге жібермеу, өрт қауіпсіздігін сақтау, ойын алаңдарында, аттракциондарда балалардың қауіпсіздігі, биік ғимараттардың терезелерінен, балкондардан, шатырлардан құлауымен байланысты болатын қайғылы оқиғалардың алдын алу, терезелерден құлап кету оқиғасына жол бермеу мәселелері қаралсын, оқушылармен түсіндірме жұмыстары класс жетекшілер тарапынан жүргізілсін.
- 5 2023-2024 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Кокимова Айнагуль Айжариковна

Тлешева Бақыт Аманжолқызы

Калмаганбетова Аксис

Умирзакова Лаззат Кадыровна

Калауова Айнур Дауленовна

Жұмабек Мақсат Ерболатұлы

Жусипова Тлектес Муханбеджанова

Убаева Асылша Бердикановна

Серғали Жангүл Бектуғанқызы

Нуртазаева Мизамгүл Жаксыбаевна

Құдайбергенова Карлыгаш Химадиновна

Қызылова Ақнұр Жарасқызы

Сатаев Абзал Сауытович

Наурызбаев Айбек Қайратұлы

Утарбаева Клара Булатовна

Құдайберген Орал Болатович

Музиева Мөлдір Мұратқызы

A vertical line separates the printed names from the handwritten signatures. The signatures are written in blue ink and are positioned to the right of the names. Some signatures are more legible than others, but they generally correspond to the names listed on the left.